

АХМЕТТАНУ ІЛІМІНІҢ БАСТАУЛАРЫ

Жандос Смағұл

филология ғылымдарының докторы, профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақтың ұшан қиыр даласына, алдағы түрлі байлықтарға, өзен–суына қызығып, ерте заманнан жұтып қоюға ұмтылған екі елдің ортасында қанды шеңгелге шөре–шөреге түскен, бұлқынумен күн өткізген қазаққа жоқшылар, жанашырлар қажет еді. Сол жоқшы, сол жанашыр шоқ жұлдыздың ең ірісі, күні бүгінге дейін сәулесі үзілмеген кемелдісі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Кеңес дәуіріне дейінгі баспасөз бетінде Ұлт ұстазының ақындық, ағартушылық және қазақша жазуға емле түзу бастамасына орай айтылған танымдық сипаттағы мақалалардың жариялануы ұнамды құбылыс болды. «Айқаптың» 1912 жылғы №4 және 5 санындағы «Жазу тәртібі» аты мақаласы пікірталас туғызып, бұл турасында өз көзқарасын ашық білдірушілер болды. Мысалы Ж.Шияшовтың «Бірге қозғалалық» (№6), Азамат Алашұлының (М.Дулатұлы) «Жазу тәртібі». Уалиолла Халилидің «Тілді сақтаушылық» т. б. мақалалар жарық көрді. Ж.Шияшовтың Ахаңның жазуды бір тәртіпке салып әліппе бастыруға деген ниетін қолдағанымен, А. Алашұлы өз мақаласында айтқандай: «А.Байтұрсынұлының жазу тәртібін тіпті басқаша түсінген, дұрысын айтқанда түсінбеген. Бұл кісі жазу тәртібінің дұрыс, терісін өз алдына тексеруден бұрын, ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген». Ал өз ойын «Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. Журнал оқушылар сынасын дегенде әркім басына келшгенін жазатұғын болса, еш уақытта ойды бір жерге қорытып болмайды. Бұл турасында сынаушылар да байқап жазарға керек» дей келе өз басының А.Байтұрсынұлының жазу тәртібін ұнатқанын жазып, ұсыныстарын да білдіреді. [1, 111].

Бұларда Ахаңның халқы үшін қамығып жүріп жасап жатқан еңбегі туралы ғана сөз болса, қостанайлық Уалиолла Халили ұлт әдебиетіндегі тұлғалық орнын бағалауға ұмтылған. «Бізге бұл күнде басшы болған, халыққа үлгі көргізген жігіттеріміз жоқ емес қой. Мынау «Маса» мен «Қырық мысалды» жазушы А.Байтұрсынұлы секілді ерлерді халық қызметшісі деуге болады. Және де «Айқап» журналы пен «Қазақ» газетінде халыққа жол-жөн көргізген қызметтерін біздерге ұмытуға керек пе еді?! А. Байтұрсынов әпенденің «Жалғыз қаз келгенменен жаз бола ма? – дегені сияқты алты миллионнан артық қазақ халқы үшін бір газат пен бір журнал шыққанменен халықтың сусыны басылмайды ғой» деп ой қорытындылауы ахметтану ілімінде алғаш айтылуымен құнды [1, 114].

Бұлардан басқа әдебиет және кітаптар, шығармаларға бәйге жариялау туралы сөз болған мақалаларда тек жанама түрде ғана жазылды. Ал тарихи тұрғыдан келгенде А. Байтұрсынұлы ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілі ретінде танытуда алғаш сөз

қозғаған Ә. Бөкейхан болатын. Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан «Мұсылман сиезі» атты мақаласында ақындық талантын «Ақын ініме» және «Мен бұқтым жаттым» деген өлеңдерінен нақты мысал келтіре дәлелдеуге жол бастады.

«Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біздің кітап жазып, газет, журнал шығара бастағанымызға осы 3-4 жыл ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта», - деп Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан т.б., барлығы 18 өлеңді мысалға келтіріп – «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, «Тарғыннан» һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», - деп жазады [2, 284].

Ә. Бөкейхан А. Байтұрсынұлы туралы сол кезең үшін үлгілік мәні зор пікірін «Роман бәйгесі» атты мақаласында тағы да қайталайды. Онда Аханды роман бәйгесіне әділ қазы болар дәрежедегі қалам қайраткері ретінде танытады. «Әлі де болса, кітаптарды сыншы болам деген кісілерге поштамен жіберіп, бұлардың сын мақаласын жиып, мұны кісі саны аз, жазушы басы құраулы Семей (Шаһкерім бар), Орынбор (Ахмет, Міржақып бар), Троискінің (Бақытжан. Мұхамеджан бар) бірінде комитет қарағаны дұрыс» деп жазады.

Бұдан соң әдебиеттен Еуропалық деңгейдегі білім-парасаты бола тұрса да, «Роман сыны маған қол емес» деп бәйгеге түскен шығармаларды қарауға ықыласы жоқ екенін ескертіп өтеді де, «Бірақ бұл күнде қазы атаған соң, бұдан қашу маған жол емес» деп амалсыз келіседі. Яғни роман жарысына тек қана көрем шығарма жазған ақын-жазушылар қазылық ету керек деп санайды. Оны «Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газетаның уақ ісіне есіл ғұмырын байлап отыр. Білгенді қылам дегенге жұрт керегі қойып жатыр ма: Шаһкерім, Ахмет, Міржақып (бұлар Апалоннан бата алған жоқ) жеріме түсті демесе, мен сыншы парызын өтеуге құл болдым» деп өкініш білдіреді [2, 329].

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті – жалпы ағартушылық-демократиялық қозғалыстар, қиян-кескі соғыстар, ұлы өзгерістер мен қос қыртыс дәуір тарихын көрсететін әдебиет. Бірақ ұзақ уақыт бойы тұмшаланған тыныс-тіршілік сол қос қыртыс дәуір шындығын танып білуге, айқын көріп, сезінуге мүмкіншілік бермеді. Алайда, А. Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, публицистикалық шығармалары мен қайраткерлік істері өз кезінде, яғни көзі тірісінде-ақ аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдарының тарихи тұжырымдары орны ерекше.

Ұлт ұстазының ұлт әдебиеті тарихында алдыңғы қатарда алатын орны туралы бағалаушылық мәндегі пікірлердің алғаш жазылуы 1919 жылдан басталды деп санау керек. Ол ұлт қайраткерлерінің бірі С.Садуақасовтың осы «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласынан. Бұл зерттеу 1919 жылы Омбыдағы «Трудовая Сибирь» журналының №1 санында жарияланған еді.

Басылымның №1 санында болуының өзінен-ақ, ол осы жылдың басында жарияланғанын дәлелдеп тұр. Ендеше ең тұңғыш айтылған баға десек, қателеспейміз.

Автор зерттеуінде ақын-жыраулар мұрасын шола келе, Абай, М.Ж.Көпеев шығармашылықтарына тоқталады. «Айқап», «Қазақ» секілді қазақ баспасөзінің ұлт әдебиетін дамытудағы маңызына талдау жасады. «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсынұлының болашақ қазақ оқығандарының адастырмас ақ жолға жөн көрсетушісі, бағыт сілтеушісі болғаны әділ жазылды. Бұл мақаланың ахметтану іліміндегі маңызы өте зор. Себебі А.Байтұрсынұлы тұңғыш рет ұлттық әдебиет тарихында көрнекті тұлға ретінде бағаланды. Алғаш айтылуымен құнды бұл бағаны толық келтірейік.

«Огромную услугу киргизской литературе оказал А. Байтурсынов, редактор газеты «Казак». Он первый пионер в области создания чисто киргизского языка: составил первую киргизскую азбуку и грамматику (до этого киргизы пользовались рабской азбукой). А. Байтурсынов поэт-народник и духовный учитель молодежи. Он перевел почти все басни Крылова, снабдив каждую соответствующими заключениями и приспособив к обличению беспечной жизни киргизов» деген бағалаушылық пікірі алғаш айтылуымен құнды [3, 240]. Ендеше С. Садуақасов есімі ахметтануда А.Сомойловичпен қатар тұруы заңды болмақ.

Бұл пікірдің маңызы да сол – қазір аузымыздан түспей жүрген «А.Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы, рухани көсем» деген ұғымның сол кездің өзінде айтылып, тарихи тұрғыдағы әділ бағалаудың айтылуы. Ендеше А.Байтұрсынұлының ұлт руханияты мен әдебиет тарихында алатын орны осы 1919 жылы шыққан А.Сомойловичтің «Түркі халықтарының әдебиеті» (Шығыс әдебиеті баспасы, Петербор) кітабындағы «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген мақаласынан бұрын жарық көрген. Алайда ғалымның 6 томдық шығармалар жинағының алтыншы томындағы «Ахметтану ғылымының негіздері» аталатын тарауда С.Садуақасовтың осы «Киргизская литература» (историко-критический очерк) деп аталатын мақаласы аталмай, назардан тыс қалып қойған [3, 66].

1920 жылы Орынборда Қазақ өлкесі Советтерінің Құрылтай съезінде Қазақ АССР-і құрылып, Орынбор 1920-1922 жылдары оның астанасы болып, қазақ зиялыларының едәуір бөлігі сонда шоғырланды. Олар Орынборда сол кезде ұйымдастырылған «Қырғыз (Қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының» жұмысына белсене араласты. Ахмет Байтұрсынұлы сол қоғамның мүшесі әрі басқарушысы болған. Осы қоғам бірнеше жыл бойы Орынборда «Труды общества изучения киргизского края» деген жинақты орыс тілінде шығарып тұрған. Осы жинақта А.Байтұрсыновтың 50 жасқа толуына арналған мақалалар жарияланған. Оның бірі - М. Дулатовтың «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов», екіншісі - Е.Омаровтың «Ученая деятельность Ахмет Байтурсунович Байтурсунова» мақалалары. Е.Омаров өз мақаласында Ахмет

Байтұрсынұлының ғалымдық қызметіне назар аударып, қазақ грамматикасына сіңірген еңбегін жоғары бағалайды.

М. Дулатовтың «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» деген мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Мақалада автор Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаянына кеңінен тоқталады. 13 жасында әкесінен, туған-туысқандарынан еріксіз айрылған Ахметтің кейін Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебінен, мұнан соң Орынбор мұғалімдер училищесінен білім алып, өз бетімен көп оқып үлкен білімдар азаматқа айналғанын жазады. Ақаңның «Қырық мысал», «Маса» еңбектерінде патша саясатын қатал сынап, оған қарсы күрескенін дәл көрсетеді. «Благодаря А.Байтұрсунову, хотя бессознательно, но на самом деле поддававшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции живо опомнилась и стала создавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях в целях сохранения чистоты киргизского языка, обусловливалась разговаривать между собой обязательно по киргизский, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее не киргизское слово платил 3–5 коп. Штрафа в пользу ученических кружков - деп жазды [3, 71].

Ахметтану ілімінің ізашары саналатын мақалалардың орыс тілінде жариялануының өзіндік мәні де бар. Осы С.Садуақасов пен А.Сомойловичтің мақалаларынан кейін ол Е.Д. Поливановтың «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсыновтық) емлесі (1924), Н.Ф. Яковлевтің «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі (1928) секілді зерттеулерге жалғасты. Алайда оларға Ахаңның 50 жылдық мерейтойына байланысты мақалалар негіз болғаны қапысыз шындық.

Ақын, публицист, ғалымдық туралы маңызды еңбектер, көркем ойлар негізінен Ахаңның туғанына елу жыл толу мерейтойы тұсында жарияланды да ахметтану ілімнің негізі берік қаланды. А.Байтұрсынұлының әлеуметтік істерін, шығармашылығын, дүниетанымын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне (30. 01. 1923) «Ахмет Байтұрсынов елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды». Бұл Ахаңа берілген әділ де шыншыл тарихи баға еді. «Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын

ұлтшыл» деген тұжырымды ойдың айтылуы алашшылдарға қарсы теріс көзқарастардың туындап тұрған кезінде айтылуы ерлікпен пара-пар еді.

1923 жылы А.Байтұрсынұлының 50 жылдығы тұсында Сәкен тағы да мақала жазып, Ұлт ұстазын қорғады. Ә. Әйтиевтің «Степная правда газетінде жазған «Фактические поправки» мақаласындағы «Алашты жасағандардың бірі Ахметтің өзі емес пе?» деген сынына, «Еңбекші қазақ» газеті (04. 02. 1923) арқылы Сәкен «Тағы да Ахаң туралы. Әйтиевке жауап» мақаласымен жауап берді. «Олардың ішінде шенқұмар, жалған ұлтшылдар болды. Ахмет әйтеуір қазаққа қызмет қыламын деп солармен бірге болды... Ахметтің коммунист партиясына ере алмай шығып қалуына үлкен себеп – өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы. Өзге оқыған мырзалар пен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді» - деп нақтылады.

Осы мерейтойға арналған мақаласында М.Әуезовтің: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақан ашқан мектепте оқып шыққаны табалдырығынан жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақанның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш», - деген сөздерінен «Қазақ» газеті Ахмет Байтұрсынұлы арқылы үлкендердің ақылшысы, кішілердің тәрбиешісі болғанын байқаймыз [3, 120].

Алаш арыстарының 1929-30 жылдары алғаш ұсталуынан соң, олардың ғылыми зерттеулері мен А. Байтұрсынұлы өзі жазған және басшылық жасаған бүкіл оқулықтарды орта мектеп пен оқу орындарында пайдалануға тыйым салынды. Ғылыми әдіснамалық тұрғыда көшбасшы болмақ тұрсын, әдістемелік жағынан да оқу ағарту саласынан аластап тасталды. Партиялық қаулыларға сай қазақ әдебиеті жеке пән ретінде мектептің оқу жоспарына кіріп, 1932 жылы тұңғыш бағдарламасы жасалды. Онда 1930 жылдардың бас кезінде мектептер мен оқу орындарында тұрақты оқу құралдар жасалуын қажет еткен уақыт, заман талабы қазақ әдебиеті тарихының кеңес дәуіріндегі әдебиеттен де басқа дәуірлерінің тарихи курсы да оқыту керектігін айқындап берді. Бұл БК(б) Орталық Комитетінің 1931 жылғы «Бастауыш және орта мектептер туралы», 1932 жылғы «Бастауыш және орта мектептердің программалары мен режимі жайындағы» қаулыларында да атап айтылды. Бағдарлама жасау мен оқулықтар жазу проблемасы әдебиеттану ғылымына тірелетін болса, отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі ғылыми-зерттеу еңбектің міндетін қатар атқарды. Осы дәрежеде көрінген алғашқы еңбек С.Мұқановтың 1932 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулығы болды. Бұл Алаш арыстары шығармашылығына арналған тұңғыш монографиялық сипаттағы зерттеу болуымен қатар, ғасыр басындағы әдебиетті ғылыми тұрғыда тексеруге бастама салған да еңбек еді.

1930 жылдан бастап XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетті менсінбеушілік, жете бағаламаушылық болды. XX ғасырдың басындағы әдебиет идеялық-көркемдік дәрежесі төмен, ескішіл, ұлтшыл әдебиет деп бағалау орын алды. Әдебиет саясаттың құралына айналды. Сол кездегі әдебиет өкілдерінің, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығына да дәл осы тұрғыдан баға берген еңбектің бірі – Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегі. Сәбит Мұқанов А. Байтұрсынұлының Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқын надандықтан серпілуге сіңірген еңбегін жоғары бағалайды. Ақанның қазақ мектебіне, қазақ тіліне қосқан үлесіне де өзіндік әділ бағасын береді. Бірақ, Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының «Алаш» партиясын құрушылардың бірі болғанын, Советке қарсы кезінде өлең, мақала жазғанын кешіргісі келмейді. «Бірақ негізінде байшыл Ахмет Октябрьден кейін жалпы пролетариат үстемдігіне, оның ісіне, қазақ еңбекшілерінің үстемдігіне қарсы болды. Сондықтан Тоғжанов Ғаббас жолдастай «еңбекші бұқара – бір кезде сары маса болып, ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді» - демейді, Ахметтің еңбегін бағалаймыз, бірақ оны қастерлемейміз. Ол кезде төңкерісшіл болғанмен, қазір біздің тап дұшпанымыз», - деп таптық тұрғыдан бағалайды [4, 99]. Әрине, бұл пікірдің заман ыңғайымен айтылғаны айтпасақ та түсінікті.

Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулық XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, С.Мұқанов шығармашылығын тексерген ғылыми-зерттеулерде әр түрлі баға алып келді. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтардың мұраларын алдағы уақытта ғылыми жолмен зерттеу барысында да артық-кем айтқан пікірлері сараланды. Әйтсе де отызыншы жылдардағы әдебиет тарихын зерттеу ісінде оқшау тұрған және әдебиет тарихында белгілі себептерге байланысты орағытылып өтіліп келген еңбектің мақсатына және объективтік сипатына, ғылыми жетістігі мен қатекемшілігіне назар аудармасқа болмайды. Себебі, сол кездің өзінде-ақ қазақ әдебиеті тарихының ең бір күрделі кезеңін дәуірге бөліп зерттеуге батыл қадам жасаған, сол дәуір әдебиетінің басты сипаттарын ашуға талпынған, «әрбір ақынның, жазушының өмірбаянын, бір-бірінен өзгеше әдісін, ақындық күшін, түрін, шығармаларының мазмұнын, не туралы жырлағанын» көрсетуді басты мақсат тұтқан еңбек болды деп бағаланды [5, 7].

Шынына келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымында осы сипаттағы оқулықтардың жазылуына, яғни қазақ әдебиетін тарихи курс ретінде жүргізуге алғашқы бастаманы да С.Мұқановтың осы оқулығы жасады. Сонымен қатар, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин еңбектерінен кейін әдебиет тарихын зерттеу саласында өз кезеңі үшін белгілі бір міндетті атқарған ғылыми-зерттеу дәрежесінде де көрінді. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолында автор бірнеше міндеттер қояды. Осылардың ішіндегі ең маңыздылары: қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, маркстік-лениндік әдіснамаға сай оның халықтық және таптық сипатын ашу болғанын анық байқауға болады. Бірақ, тексеріп отырғаны осы дәуірдегі «ұлтшылдық әдебиет»

болғандықтан ақын-жазушылардан ұлтшылдық сарын іздеуге көп көңіл аударылып кеткен.

Бұл оқулықтың үлкен де басты кемшілігін сол кездің өзінде Е.Бекенов: «Кемшілігі бар тексеріс сындар М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, О.Қарашұлы, әсіресе С.Торайғырұлы, М.Әуезұлы туралы сынның кемшілігі көбірек ұшырайды. Бұл кемшіліктердің көбі империализм дәуіріндегі байшылдық-ұлтшылдық пен социализм дәуіріндегі байшыл-ұлтшылдықты айырмай бірдей бағалап кетуі, ұлтшылдық неден тұрғандығы, жаңа байлар табы үстем тап болуға айналды, жаңашылдық күшті болды деген сияқты негізгі кемшіліктерден туған кемшіліктер», - деп біржақты болса да атап көрсетіп берді [5, 8]. Солай дегенмен, сыншы С.Мұқанов бұл ақын-жазушыларды сынауда, ұлтшылдығын ашуда кемшілікке салынып, «төңкеріске қарсы істерін көрсетудің орнына, пролетариат төңкерісін түсінбеді деп өкпе айтады» деген қорытынды шығарған.

Бұл тұжырымға қарап, С.Мұқановтың ғылыми-зерттеушілік жұмыс саласында теориялық білімнің жетіспеуі мен «ұлтшыл-алашордашылдыққа» қарсы күрестің ықпалынан сыңаржақ социологиялық, солақай сынға бой ұра отырғанымен, тексеріп отырған дәуір әдебиеті мен ақын-жазушылар туралы бар мүмкіндігінше әділ баға айтуға талпынғанын аңғарамыз. С.Торайғыров, М.Әуезов, Б.Күлеевтер туралы айтқан кейбір дұрыс пікірлерді былай қойғанда, «Алашорда жыршысы, ұлтшыл ақын» дей отырса да М.Жұмабаевты қазақтың талантты ақындарының бірі деп бағалайды. «Қазақтың тілін байытуда, әдебиетке жаңа түрлер енгізуде оның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын жоқ» дей келе, оның қазақ поэзиясының көркемдік әлеміне қосқан екі еңбегін атап көрсетеді:

«1.Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шет пұшпақтап енгізсе, Мағжан дендеп енгізді.

2.Алған теманың пікірін өрбіту ретінде кейінгі жазушыларға жол ашты. Мағжан өлеңдерінің сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді» [4, 254].

Ал автор өзінің осы оқулықтағы сыңаржақ солақайлықпен айтқан қате тұжырымдары жайлы сол отызыншы жылдардың өзінде-ақ айтып қалып отырды. 1936 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағының алғы сөзінде: «Мағжан төңкеріске қарсы «алашорданың ақыны» болғандықтан одан кейінгі үлгі алуды өзіме залал деп ұқтым. Бұным солақайлық еді», - деп жаза келе, «Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қате сілтеген кездерім болды», - деп ашық айтты [6, 7].

Жалпы С.Мұқановтың әдебиетші, зерттеуші ретіндегі тұлғасының қалыптасу жолы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің өсу эволюциясынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу, жетілу жолындағы жетістіктер мен қателіктерді анық көруге болады. Бұған С.Мұқановтың сәл кейінірек жазған: «Ол кезде мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім, менің ол кезде саяси білімім де, жалпы білімім де бастауыш көлемде ғана еді. Сондықтан мен ескі әдебиет мұраларына сын көзбен

қарай отырып, олардың пайдалы жағын алу дегенді білмедім, совет әдебиеті бұрынғы бұқарашыл әдебиеттің заңды жалғасы, ілгері өрлеуі екенін ұқпадым» деген пікірі айқын дәлел [7, 11]. Оқулыққа тән сипат, әдеби-теориялық талдау, әдеби-тарихи тұрғыда зерттеу ғылыми-зерттеушілік арнасында бас қосып, бірін-бірі толықтырып отырғандықтан еңбек монографиялық мәнге ие болған.

С.Мұқанов өз оқулығына «І бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуір» деп ат қойып, айдар тағуына қарағанда, XX ғасыр басынан отызыншы жылға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихын «ұлтшылдық, байшылдық әдебиет» және «пролетарлық әдебиет» деп екіге бөліп зерттеуді мақсат тұтқаны байқалады. Осы ойын автор «XX ғасыр әдебиетін тексеріп отырғандықтан, бізге қазақ әдебиетінде жиырмасыншы ғасырда байшыл әдебиетке қарсы туған пролетариат әдебиетін, оның өркендеу дәуірін жазу керек еді. Біз бұл жолы оны істегеніміз жоқ. Байшыл дәуір мен пролетаршыл дәуірді қосып кітап қылсақ, ең алдымен, үлкен іс болар еді. Екіншіден, асығыстық істеуге тура келеді. Сондықтан әдебиетіміздегі пролетариат дәуірінің өркендеуін алдыңғы күннің міндетіне қалдырдық», - деп ашық жазды [4, 10].

Бұл пікірге тереңірек мән беретін болсақ, 1920 жылдардың бас кезінде қазақ әдебиетінің қазақ тарихын ауызша және жазба әдебиет деп қана бөле алған ғылыми-зерттеушілік ой-пікір М.Әуезов пен Х.Досмұхамедов еңбектерінде «XV-XVI ғасырлардағы әдебиет және XVIII-XIX ғасыр ақындары» деген әдеби-терминдік ұғыммен толықса, С.Мұқановта «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген дәуірге тармақталған. Әдеби мұраны зерттеуге деген оң бағыттағы көзқарас 1925 жылдан бастап өріс ала бастағанын ескеретін болсақ, қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексеру жолындағы жаңа қадам екенін атап айтпауға болмайды.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне» баға бергенде Қазақстанда «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрес тек қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, мәдениеттің барлық салаларында жүргенін және оны тудырған С.Мұқанов емес екені есте ұсталуы қажет. Әдебиеттегі «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу сол кездегі барлық мақалаларда, Ғ.Тоғжановтың, Е.Бекеновтің т.б. еңбектерінде, М. Қайыпназаровтың баяндамаларында ғана емес, Қазақстан өлкелік партия ұйымының қаулы-қарарларында да айтылып қалып отырылды. Ендеше бұл күрестің С.Мұқанов оқулығында көрінуін сол дәуірдегі идеологиялық күрестің әсерінен, заман ағымынан деп түсінген жөн. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулықты әр түрлі ғылыми аспектіде қарастырған Е.Бекенов, Т.Нұртазин, Т.Кәкішев, Р.Бердібаевтар жеке дарындарды бағалаудағы кемшіліктерін ғылыми тұрғыда талдай келіп, алғашқы монографиялық зерттеу деп бағалайды.

С. Мұқановтың әсіре таптық қағидатпен және кеңестік идеология жазылған бұл зерттеуіндегі Алаш Арыстары туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарына ерекше назар аудару қажет. Ахаң туралы «қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін алаған алғашқы адам - Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ

емес» деген бағасы тәуелсіздік алғаннан бері ұлт ұстазына берген бағалаулардан алыс түсіп жатқан жоқ.

Ф.ғ.д., сәбиттанушы ғалым К. Ахмет осы «XX ғасырдғы қазақ әдебиеті» туралы: «Біріншіден, әдебиетке өзінің қолтаңбасымен келгендерді тарих бетінде хаттау болса, екінші әдебиет түгіл тарихқа қайтып оралар-оралмасы беймәлім дарындардың С. Торайғыров пен А. Байтұрсыновтан басқасының, тіпті жеке мақалаға арқау болмаған ғұмырбаянын, шығармашылығын зерттеп, тексеру, кейінге қалдыру, аттарын өшіріп алмау мақсатын көздеген» деп ойлаймыз және сол кездегі таным-білікке негіздей жазбаса еңбегі еш болатынын сезді, жарияланбайтынын білді. Сондықтан социологиялық ой мен сөзді еркін қолданды», - деп жазуында үлкен шындық жатыр [8, 129].

«XX ғасырдғы қазақ әдебиеті» еңбегінің «Ұлтшылдық-байшылдық дәуірдің ақын-жазушылар» деп аталатын бөлімінде ұлттық әдебиеттануда бұрын-сонды болмаған монографиялық портрет жасау арқылы зерттеп-зерделеу үрдісі алғаш рет енгізді. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ғ. Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Б. Күлеев, Ж. Аймауытов шығармашылығын тұңғыш рет ғұмырнамалық және ғылыми теориялық талдау жасады.

Қорыта айтқанда, С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеруде терендей түсуіне әсер еткен, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудегі ізденісті жалғастырған, XX ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті дарындарының шығармашылығын тексеруді қолға алу қажеттігін көрсетіп берген, мектептерде әдебиет пәнін тарихи курс ретінде жүргізілуіне бастама салған еңбек деген тұжырымға келеміз. Бұған «1988 жылы Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның оң қорытындысы негізінде таңдамалы шығармаларын шығару тапсырылды. Міне осы шешімді жүзеге асыру кезінде, әсіресе, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері, Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, М. Атымұлов, Қ. Керейқұлов, Р.Тұрысбекотер 1932 жылғы С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеуін алдарына жайып қойып, оңтайлы тұстардан жол тауып, арыстардың шығармаларыын дайындағандарын білетіндер де, көргендер де бар. Сонда Сәбеңнен басқа қайраткерлерден Алаш ардақтылары туралы қандай еңбек, қандай шығарма табылды? Бас шайқап жоқ деуге тура келеді» деген пікірді қоссақ сөзіміз салмақтана түсетіні анық [8,157].

Осы кезеңде жарық көрген оқу құралдары мен оқулық-хрестоматиялар тек әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлуде ғана емес, жалпы әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсу, кемелдену, дәуір талабына сай маркстік-лениндік әдіснаманы игере отырып терендеу жолын да көрсетеді деген мәселелердің беті ашылып, қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми арнамен жазу қажеттігін танытқан сәтті ізденістердің бірі болды. Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу процесіне осындай мәнді педогогикалық еңбектердің қандай септігі

тигендігін айқындала түсті. Сонымен, осы тараудағы екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі оқу құралдары мен оқулықтарды қарастырғанда, қазақ әдебиеті тарихының мектептік курсы жасалып, әдебиеттану ғылымы туып, өркен жайды деген тұжырымды қорытындыға келеміз. А. Байтұрсынұлы бастаған қалам қайраткерлерінің мектепті оқулықпен қамтамасыз ету, оған жүйелі курс жасап беру тек мәдени-әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, ғылыми-педагогикалық жағынан да айрықша атап өтетін және қазақ әдебиеттану ғылымының туып, енді қалыптасу кезеңінің басталғанын танытатын социологиялық-эстетикалық мәнді құбылыс болды.

Әдебиеттер:

1. «Айқап». Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы. 1995 366 б.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 478 б.
3. Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
4. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.
5. Бекенов Е. Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет. – Қызылорда: ҚМКӘБ, 1935. – 72 б.
6. Мұқанов С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 т. – Алматы-Қазан, ҚМКӘБ, 1936. - 204 б.
7. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері. – Алматы: ҚБМБ, 1942. - 249 б.
8. Кәкішев Т., Ахмет К. Сәбит Мұқанов. – Алматы: Арда. 304 б.